

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ  
ФАКУЛЬТЕТ ФИЛОСОФИИ И ПОЛИТОЛОГИИ

---

VI ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФАРАБИ ОҚУЛАРЫ  
Алматы, Қазақстан, 02-11 сәуір 2019 жыл

Студенттер мен жас ғалымдардың  
«ФАРАБИ ӘЛЕМІ» атты  
Халақаралық ғылыми конференциясының

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, Қазақстан, 02-11 сәуір 2019 жыл

2 том

VI МЕЖДУНАРОДНЫЕ ФАРАБИЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ  
Алматы, Казахстан, 02-11 апреля 2019 год

МАТЕРИАЛЫ

Международной научной конференции  
Студентов и молодых учёных  
«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

Алматы, Казахстан, 02-11 апреля 2019 год

Том 2

VI INTERNATIONAL FARABI READINGS  
Almaty, Kazakhstan, 02-11 April, 2019

MATERIALS  
International Scientific Conference  
Of Students and Young Scientists  
«FARABI ALEMI»  
Almaty, Kazakhstan, 02-11 April, 2019

Volume 2

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2019

#### Әдебиеттер:

1. Соловьева Г. Религия в Казахстане. История и современность. Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2018 г. – 206 с.
2. <https://www.muftyat.kz/kz/kmdb>
3. Ибадуллаев С. Дін мен дәстүр. – Алматы: Қазақстан мұсылмандар діни басқармасы, 2014. – 4 б.
4. Әбуов А. Қазақстандағы дәстүрлі исламның ерекшеліктері мен мәселелері. Ислам және өркениет газеті, 2014 ж.
5. <http://mic.gov.kz/kk>
6. Мұсылман әлемі елдерімен біздің қатынастарымызды дамыту // Қазақстан Республикасы Президентінің Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2006 – //http://www.akorda.kz/kz /addresses/ addresses\_of\_president/kazakhstan-respublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevtyyn-kazakistan-khalkyna-zholdauy-2004-zhylhy-19-nauryz\_1342856907
7. Вильковски Д. Арабо-мусульманские организации в современном Казахстане: внешнее влияние на исламское возрождение. монография. – Астана: ИМЭП при Фонде Первого Президента, 2014. – 192 с.

## БАТЫС АЙМАҚТАҒЫ КИЕЛІ ТАНЫЛАТЫН ДІНИ ЖӘНЕ ҒИБАДАТ ОРЫНДАРЫ

*Касаинова К.Е.,  
магистрант, 2 курс, «Дінтану» мамандығы,  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

*Ғылыми жетекші:  
Байтенова Н.Ж.,  
филос.ғ.д., профессор  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

**Киелі орындар, қасиетті жерлер ол тек діни көзқарас, наным – сенім ғана белгісі емес, ол мемлекеттің ұлттық бірегейлігін қалыптастырушы, мәдениетіміз бен салт-дәстүрімізді дәріптейтін, айқын көрсететін құрал болып табылады.**

Негізінен Қазақстан діни ескерткіштерге, киелі жерлерге өте бай мемлекет. Өткен ғасырдағы көшпелі халқымыздың мәдениеті бай десек болады. Әртүрлі діни нысандар мен киелі жерлер Қазақстанда сонау ғасырлардан бері сақталып келе жатыр. Қазақстан мемлекетін қай жағынан алсақ та, табиғи немесе мәдени-тарихи, діни болсын өзіндік ерекшеліктер мен құпияларға толы болып келеді. Әсіресе өткен тарихымыздан белгілі біздің заманымыздан бұрын өмір сүрген киелі де танымал адамдардың ескерткіштері әлі күнге дейін өз мәнін жоғалтпай сақталған.

Қазақстанның Батыс аймақтарында киелі жерлер мен көне ескерткіштер, зираттар жалпы мұралар өте көп десек те болады. Батыс аймақтарда орналасқан киелі жерлер онша өзгеріске түспеген. Бұл киелі орындар – көшпелі дүниенің негізгі тарихы. Халықтың тұрмыс-тіршілігі, басынан өткен оқиғалары, әдебиеті және аңыз-әңгімелері, жалпы тарихы негізінен осы киелі орындарға байланысты. Осы қатпар – қатпар тарихи байлығымызды жоғалтпай, қаймағын бұзбай ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу, әлемге таныту керекпіз.

Қазақстанның киелі нысандарының бірі – Ақмешіт қорымы Атырау облысына қарасты, Жылыой ауданы, Ақкиізтоғай деп аталатын ауылдың солтүстік-шығысына қарай 30 шақырым жерде орын тепкен. Осы маңда болған Дюгамель қорым жайында былай дейді: «Ақ бор төбенің үстіндегі қасқыр үңгіріне ұқсайтын тесікке бір кісі әрең сыяды, ал ары қарай үңгірдің ені 2,5 метрге жетеді, биіктігі адам бойымен шамалас киіз үй тәрізді сағана іспетті тамға қарай кіреді».

Атақты діндар, ағартушы, абыз Бекет Мырзағұлұлы осында ғұмыр кешкен. Қазақ халқы құрметтеп, әулие санаған Бекет ата 1771 жылдары Ақмешітте жер асты мешітін тұрғызып, шәкірт дайындаған. Мұнда оның ата-анасы Мырзағұл мен Жания және бір бауыры жер қойнына тапсырылған. Жер астындағы қасиетті үй екі бөлмеден тұрады және үш қабатталған доға арқылы бірігіп, мықты етіп салынған. Ол борлы құрылыстан тұрады, бір бөлмеге даладан жарық кіреді. Жарларға қуыстарды ойып жасаса, оңтүстік-шығысында михраб орын тепкен. Ол – Меккеге бағыттайтын доға, сол сияқты бағанамен көркемделген текше, яғни имамның намаз оқуға лайықталған орны. Осы жер арқылы ол басқа намаз оқып тұрғандардың алдыңғы жағында тұрады.

Бізге жеткен деректерге сүйенсек, Пір Бекеттің Қазақстанның батыс өңірінде төрт мешіті бар. Оның бірі осы Ақмешіт болса, келесісі Бейнеуден жиырма шақырым әрірек орын тепкен. Үшінші мешіт Үстірттегі Байшатыр аталатын жерде болса, соңғысы Оғланды шатқалындағы жартаста салынған. Бұл «Алланың үйін» XIX ғасырда дін таратушы ғалым әрі сәулетші Бекет атаның шәкірті болып келетін Құлшан салған. Сол үшін кей жерлерде Ақмешіт-Құлшан деген атау қосарланып жүреді. Ілгеріде айтылған қасиетті төрт орынға да келушілердің аяғы үзілген емес. Ақмешітте арнайы түнейтін орындар

мен ас үй бар. Шырақшы болып Бекет атаның 7-ші ұрпағы Ислам Мырзабекұлы отыр. Қазірде бұл орын республикалық киелі жерлердің тізімінде [1].

Құлшан ата жер асты мешіті Құлсары қаласынан шығысқа қарай 67 км жерде биік төбенің батыс жағында орналасқан. Қорым саман тасты сағанатамдар мен шағын сәулеттік пішіндегі құлпытастарымен ерекшеленеді. Құлшан ата мешіті екі бөлмеден тұрады, оның біреуіне мешіттің негізін қалаушы жерленген. Мешітке жақын маңда түнек үйі тұрғызылған, басында шырақшысы бар.

Құлшан ата – Бекет Мырзағұлұлының әрі жиені, әрі шәкірті. Ақмешітке зиярат етуге шыққан жолаушы алдымен жол бойындағы Құлшан ата басына дұға оқып өтуі тиіс. Себебі, кейбір деректерде айтылатынындай, Бекет бабаның өзі «Ақмешітке зиярат жасап келушілер жолай жиенім Құлшан бейітіне соғып, дұға оқысын» деп тапсырған делінеді.

Құлшан атаның зайырлық қасиеті жоғары, өзі ерекше қасиетімен танылған. Таулы жерден үңгір қазып, жерасты ғимаратын салған. Атаның жатқан жерінен кез келген адамға емес, бірақ, ара-тұра жылан көрінеді екен. Ал, аптаның бейсенбі мен жұма күндері от байқалатын болған. Ата Пайғамбар жасына жеткенде кейін өзі жерленген орыннан жерасты үңгірін қазып алып, соны мекендеген.

Құлшан атаның бесінші ұрпағы, қазір шырақшылық қызмет атқарып отырған Оңайкүл Елеусіновтің айтуынша, қасиет иесі 1849 жылы дүниеге келіп, 1905 немесе 1910 жылдары дүниеден өткен [2].

Қорымның қазіргі аумағына қарай, мешіт туралы келесідей ой қорытуға болады. Біріншіден, мешітті салуда ешқандай кесек тас пайдаланылмаған, себебі, ол бор тауға үңгіп салынған. Осыған орай, мешіттің сырт келбеті қазіргі жаңа мешіттей таспен қаланған емес, тек табиғи төмпешік ретінде болған. Осыған орай, оның тасын тасып алып кету деген қисынға келмейді. Екіншіден, жерасты мешіті қиратылмаған, ол қараусыз қалғандықтан табиғи жағдайлардың әсерінен үйінді болып елеусіз қалған. Сонымен қатар XIX ғасырдың орта кезінен бастап оның айналасы мен үстіне адамдар жерленіп, зиратқа айналған.

Қазақстанның киелі нысандарының ішіндегі Маңғыстау өлкесінде орналасқан Қараман атаның жер асты мешітін ерекше айтып кетуге болады. Себебі, бұл қасиетті орын таудың төменгі бөлігіндегі үңгірлерді пайдалана отырып, ойып жасалынған. Қазіргі орналасқан орны Маңғыстау өңіріндегі, Шетпе аталатын кенттің оңтүстік-батысына қарай 35 шақырымдық жер. Қараман ата мешіті жалпы үш бөлмеден тұрады. Олар: кіреберіс бөлме, намаз оқуға арналған бөлме және атаның өзі жер қойынына тапсырылған дөңгелек бөлме. Ортада тұрған көлемі үлкендеу бөлменің төбесі тастан қашалынған бағаналармен бекітіліп, төбесінен жарық кіруге ыңғайландырылып терезелер жасалынған.

Бұл қорымның жалпы аумағы шамамен төрт гектар жерді алып жатыр. Ал өзі XIII ғасырда тұрғызылған делінеді. Қараман ата жайында бірнеше аңыздар бар. Оның бірінде Шопан ата інісі ретінде айтылса, кей ғалымдардың дерегінде Балқан түбегінен түрікмендерді Маңғыстауға бастап келген ірі бекетрдің бірі болған делінеді. Жалпы, Қараман ата ислам дінінің суфизм бағытын таратушысы ретінде танылған діндар. Десек те, кей авторлар атаны жағымсыз кейіпкер ретінде көрсеткен аңыздарды таратады. Мәселен, М.Мирзаевтың кітабында қарақалпақтың мынандай бір әңгімесі жазылған. Қараман атты адам жегіш, жалғыз көзді алып болыпты. Ол Есім батырдың жолын кесіп, алдап, ажал апанына түсіріпті. Осы халықтың арасында Қараман «Шық бермес, Шығайбай» секілді сараң бай болғаны жайында тағы бір аңыз бар.

Түрікмен аңыздарынан да Қараман есімді адамды жолықтырасыз. Ел ішінде абыройы асақ, сый-құрметке ие Ақман және Қараман атты екі ағайынды ғұмыр кешкен екен. Олар ұстазы болған Қожа Ахмет Яссауимен келісе алмай, батысқа қарай бет түзепті. Содан бір күндері екі бауырдың бірі дүниеден озып, оның құрметіне қорым тұрғызылып, мешіт салынған. Сол секілді қазақтардың арасында, соның ішінде адайлықтарда Қараман ата қасиеті жайында бірнеше нақты дәйектер айтылады. Оның Есета ата баласы, Шопан атаның немересі екені, атасы жанынан жер асты мешітін салдырғаны туралы әңгіме бар. Дүниеден өткенде Қараман атаны сол мешіттің маңына жерлейді. Ол жерленген орын дау-дамайды шешетін киелі жер болған. Мысалы, бір аңызда осы маңда мекен ететін екі ру өкілдері бір іске келісе алмай, Қараман ата басына келіп, ант су ішуге уағдаласады. Қос тарап ант берген кезде, бір рудың адамдарын түгелімен ажал құшқан екен. Себебі, олар жалған уәде беріп, әлгі руды алдамақ болыпты. Сол секілді Пір Бекетке тағы да өзара дауларын шеше алмаған рулар келіп көмек сұрайды. Сонда Бекет тұрып, «Қараман ата басына барып бұл кикілжіңге нүкте қойындар» деп жіберіпті. Осыдан-ақ, Қараман ата қасиеті біраз елге таралған, беделді, ақ пен қараны тез ажырататын киесі бар адам болғанын аңғаруға болады. Сондай-ақ, тірі кезінде жастарды дұрыс жолға жөн сілтеп, ақыл-кеңесін айтып отырған.

Бүгінде Қараман ата қорымының негізгі бөлігі қоршалып, 1982 жылдан бері мемлекеттік қорғауға алынған. Қорымның оңтүстік-батыс аумағында VIII-IX ғасырларда белгі қойылған қабір үстіндегі қырықтан аса ескерткіштер бар. Сол секілді мұнда адай руынан шыққан елге аты мәшһүр болған бірнеше адамдар жерленген. Ол ескерткіштермен қосқандағы жер көлемі шамамен жеті гектар.

Қараман ата ескерткіші қазірге кезде тарихи жәдігер, мәдени құндылық ретінде заңмен қорғалып, міне, Қазақстанның киелі 100 негізгі нысанының қатарына жатқызылып отыр.

Осы өлкеде тағы бір еліміздің киелі нысанының қатарынан табылып отырған жер асты мешіті бар. Ол – Масат ата мешіті. Киелі орын Маңғыстау ауданында орналасқан Үштаған атты ауылдың оңтүстік-шығысынан әрірек 15 шақырымдай жерде. Мұндағы қорымда бес жүзден аса ескерткіштер бар. Олар орта ғасырдағы түрікмендердің қойтастары, тастан жасалған қоршаулары және тастан қашалған белгілері, олар шамамен XIV- XVIII ғасырларға жатқызылады. Ал қорымның солтүстік күншығысынан сәл берірек XVIII-XIX ғасырларға жататын қазақ руларының ескерткіштері қойылған. Бұл қорымдағы ерекше орын оңтүстік-батыс бағытындағы жартастан ойылып салынған жер астындағы мешіт. Киелі орынның іші қазақтың киіз үйі тәріздес, төбесі шаңырақ секілді ойылған. Кіреберістің оң жағында михраб, сөрелер жасалынған, ал осындағы дәліздің бағыты қасиетті Меккеге қаратылып тұр. Мешіттің батысында үш метрдей қазылған орын жатыр, ғалымдар мұны мешіттің екінші бөлігі ретінде қазылған болуы мүмкін дейді. Масат ата жер асты мешіті 1982 жылы мемлекет қорғауына алынған. Кей деректерге сүйенсек, Масат ата Маңғыстау өлкесіне сонау Хорасандағы Мешхед атты қаладан келген екен.

Бұрынырақ елін жаудан қорғаған, батырлығы рудан-руға таралған, өте білімді, діндар Масат атты адам ғұмыр кешіпті. Оның ерекше қасиеті – атқан оқ денесіне өтпейтіндігі, шапса қылыш кеспейтіндігі. Басын алмаққа келген барлық дұшпандарының сағы сынып, діттегендері болмай, тістерін қайрап кері қайтады екен. Әбден әбігер болған жаудың бір жансызы Масат батырдың осал тұсын табу үшін жас әйелін алдап, қолға түсіреді. Онымен жақындасып, барлық сырын сұрап алады.

Батыр тек таң намазы кеінде адами қалыпқа түсіп, барлық тамыры иіп, бусап кетеді екен. Тіпті жайнамаздың астындағы тас та жібіп, былқылдап тұратын көрінеді. Жау жансызы осы бір сәтті тағатсыздана тосып отырып, намаз үстінде басын шауып алады. Шабылған басын етегіне салған күйі Масат орынан тұрып, ары қарай жүгіре жөнеледі. Бір жамандықты сезген биесі де кісінеп, құлынын ерте иесінің артынан шабады. Сонда құдіретті күштің арқасында жер өздігінен екіге жарылып, оның ортасына кесілген басын қысып ұстап алған Масат пен биесі түсіп, көзден ғайып болыпты. Бұл аңыз бүгін болғандай тас бетінде Масат ата мен биесінің ізі әлі сайрап жатыр. Тіпті шашыраған қан іздері де қазір төгілгендей жауын-шашынға жуылмай тұр. Ел осы оқиғадан кейін бұл жерді Масат ата деп атап кетіпті. Батырлығы мен даналығы ауыздан-ауызға аңыз боп жеткен Масат атаның жер асты мешітіне келушілердің саны азайған емес [3].

Жалпы, қасиетті жер, қасиетті мекен ұғымы көп ойларға жетелейді. Кейде біздің халқымыз «қасиетті, киелі» деген ұғымдарды «құтқарушы, ғажайып құдірет иесі» деп түсінетін бір жай бар. Мұсылман ұғымымен қарағанда Жаратушы біреу, жаратылған зат көп. Өзіміз қасиетті санаған құбылыстар өскен ортаның асыл мекені, ардақты орны, халық санасындағы ғажайып, биік тұғырлы нысан саналады. Қасиетті, киелі жерді анықтаудың түпкілікті мәні – туған өлкеңді тану, түсіну, бағалау, оған деген махаббат-сүйіспеншілікті тереңдету сынды отаншылдық сезімнің оянуын меңзеп, мәңгілік мекен идеясын ұрпаққа сіңіруге қызмет ету болып табылады [4].

Бүгінгі күннің өзегі болып отырған – «Қазақстанның киелі жерлері», оның жан-жақты зерттеп, жүйелеу мемлекетімізді мәңгілік елге айналдыратын алғышарттардың бірі. Қазіргі уақытта Қазақстанның киелі жерлері бойынша жүргізілетін жұмыстардың ең бастысы қоғамның рухани жаңғыруына үлкен ықпал ететіндігін және бұл бастаманың ғылыми маңызы терең екендігін көрсетеді.

#### Әдебиеттер:

1. «Атырау өңіріндегі киелі жерлер» // [https://el.kz/kz/news/sakral\\_nii\\_kazahstan\\_/atirau\\_onirindegi\\_kieli\\_zherle](https://el.kz/kz/news/sakral_nii_kazahstan_/atirau_onirindegi_kieli_zherle)
3. Рашида Харипа «Атыраудағы жеті нысан «Қасиетті Қазақстан» картасына енгізілді» // <http://atr.kz/atyirauda-yi-zheti-nyisan-asietti-aza/>
4. Сандуғаш Мамышқызы «Киелі Маңғыстаудағы жер асты мешіттері» // <https://el.kz/kz/authors/view/54>
5. Өмірзақ Озғанбаев «Киелі жерлерге – жүйелі таным» // <https://www.egemen.kz/article/166014-kieli-zherlerge-zhuyeli-tanym>

## «ҰЛЫ ДАЛАДАҒЫМӘДЕНИЕТТЕР СҰХБАТЫ,ҰЛТТЫҚ КОД ЖӘНЕҚҰНДЫЛЫҚТАР»: ҚАЗАҚ САНАСЫНДАҒЫ КЕМЕЛ ОТБАСЫ ҰЛГІСІ

*Кершеев Ж.Ж.,  
магистрант, 2 курс, «Исламтану» мамандығы  
«Нұр-Мұбарак» Египет Ислам мәдениеті университеті*

*Ғылыми жетекші:  
Әділбаева Ш.,  
PhD доктор,  
«Нұр-Мұбарак» Египет Ислам мәдениеті университеті*

Отбасы ұғымы қандай жерде, қай заманда болмасын мемлекетті құраушы фактор екені белгілі. Кемеңгер бабаларымыз бұл ақиқатты «Отан отбасынан басталады», – деген бір ауыз сөзге сидырған. Ғасырлар бойы халқымыз «ақ неке», «адал неке», «адал жар» деген ұғымдармен отбасының, некенің қасиеттілігін ардақтап келеді. Отбасы шағын мемлекет болғандықтан қоғамда отбасын құру, оны сақтау мәселесі өзектілігін ешқашан жоймақ емес.

Қазіргі кездегі кейбір жастардың отбасын құрып, оны сақтау мәселесіне атүсті қарап, тіпті оны ойыншыққа айналдырып бара жатқаны көңіл қынжылтарлық жағдай болып отыр. Бүгінгі халімізбен салихалы бала өсіретін айрандай ұйыған отбасы қалыптастыра аламыз ба? Оның жауабын қасиетті Құран Кәрім мен Ардақты Алла елшісінің (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) саф сүннетіне үңілу арқылы тауып, баға жетпес қос қазынадан кемел отбасы жүйесінің кілтін табарымыз сөзсіз. Ұлы дала төсіндегі әрбір қазақ шаңырағы Ислам нұрының қамқорлығының астында абыройларын асқақ етті. Қазақтың салихалы отбасы деген атын әлемге мәшһүр етті. Олай болса, Құран мен сүннетке негізделген қазақ жанұясыныңсалихалы шаңырақ болудың қыр-сырына назар аударып көрелік.

Адамның бақыты жаны мен тәнінің тыныштықта болуымен жүзеге асады. Адам баласы өзін жоқтан бар етіп, ризығына бөлеген Раббысын танып білмейінше, дүниеге келудегі мақсатын түсінбейінше, өмірін толығымен шарифатқа сай жүйелемейінше және дүниенің ақыретпен салыстырғандағы құнсыздығына көзі жетпейінше, сөйтіп Раббысының разылығы мен жәннатын ғана армандамайынша жаны дамыл табады деп айту қиынға соғады.

Адамның физикалық, яғни тән тыныштығы дене қажеттіліктерінің өтелуімен қалыптасады, бұған оның ішіп-жеуі, қозғалыс-әрекеті, еңбек етуі мен тынығуы, денесінің дамуы, білім үйренуі, ойлап табуы, нәпсі құмарлығын басуы мен ұрпақ өндіруі, сондай-ақ қоғамдық қатынастары кіреді. Алайда бұның бәрі исламның талаптарына сай ислам әдебінің шеңберінде атқарылуы қажет, әйтпесе адамды басқа жаратылыстардан ерекшелеп тұрған ақылы өз қызметін жоғалтады да, құмарлығын қандырған жануарлар әлемінен айырмашылығы болмай қалады.

Құдай қосқан қосағын тауып, адал некенің негізінде құрылған мұсылман отбасының аясында ерлі-зайыптылардың әрқайсысы тыныштық рақатын жан-тәнімен бірдей сезінетін болады. Алла тағала Құран Кәрімнің «Нәбә» сүресі, 8-ші аятында:

*(وَوَلَّخْنَاكُمْ أَزْوَاجًا)*

«Сендерді жұп қылып жараттық», – дейді. [1, 78, 8]

Ислам тәлімінде мұсылман отбасының бақытты өмір кешуіне түрткі болатын бірнеше факторлар бар, олардың ұқыпты түрде атқарылуы ерлі-зайыптылардың әрқайсысынан талап етіледі. Сонда ғана шынайы бақыт пен кемелдікке қол жеткізе алады. Солардың бірнешеуіне тоқталып өтелік.

*Біріншіден, болашақ жарды дұрыс таңдай білу.* Ерлі-зайыптылардың тату-тәтті өмір кешіп, жанұялары бақытқа бөленуі үшін, екеуінің бірдей дәрежедегі отбасында тәрбие алулары маңызды рөл атқарады. Алланың елшісі (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) құрбыны таңдау тұрғысында былай деген: «*Әйел затына үйлену төрт нәрсеге негізделеді: байлығы үшін, атағы (тегі) үшін, сұлулығы үшін және діні үшін. Сен діні барын таңда, әйтпесе көп жақсылықтан құр қаласың!*» [5, 4802].

Тағы бір хадисте: «*Егер өздеріңе (құда түсуге) келген кісінің діні мен мінезіне разы болсаңдар, дереу оны үйлендіріңдер! Егер бұлай істемесеңдер, жердің беті бүлікке және ірі күйзеліске ұшырайды*» [5, 1084].

Діндар дегенімізде жігіттің де қыздың да бойында тәрбиенің негізінде ғана қалыптасатын адамгершілік және инабаттылық сипаттарды көздейміз, олардың ең негізгілеріне шыншылдық пен ақпейілділік, опалық пен тақуалық, сыпайылық пен жомарттылық, сабырлық пен шүкірлік, сауаттылық пен әдептілік сияқты мінез-құлықтар жатады.

<b>СЕКЦИЯ: ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІНТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ</b>	
<b>СЕКЦИЯ: АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ РЕЛИГИОВЕДЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ</b>	
Болысбаева А.К. АНАЛИЗ СТЕПЕНИ ОБРАЗОВАННОСТИ ЖЕНЩИН В ИСЛАМСКИХ СТРАНАХ	370
Қабдолда Қ. УАҚЫП ИНСТИТУТЫНЫҢ ЗАҢНАМАЛЫҚ НЕГІЗІ: ТҮРКИЯ ТӘЖІРИБЕСІ КІРІСПЕ. МӘСЕЛЕНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЫ	372
Қабдолда Қ. ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕГІ УАҚЫПТАР ТАРИХЫНА ШОЛУ	380
Камалова Ф.Б., Байтенова Н.Ж., Кантарбаева Ж.О. КИЕЛІ ЖЕРЛЕРДІ АЙҚЫНДАУДЫҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ МЕН ҚАҒИДАЛАРЫ	385
Карыбаева А.Н., Курманалиева А.Д. ДЕСТРУКТИВНОСТЬ В РЕЛИГИОЗНОМ ПОВЕДЕНИИ	390
Мажен Е., Жамашев А. БҰҚАР ЖЫРАУ ҚАЛҚАМАНҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДА ДІН МӘСЕЛЕСІ	393
Мустафина Ж.Д., Мәден А.Т. ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ОЮ-ӨРНЕКТЕРІНІҢ СИМВОЛДЫҚ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МӘНІ	395
Нукасов Е.С., Мухитдинов Р.С. МАЙЛЫҚОЖА ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ НӘПСІ ТАРБИЕСІ	399
Сайлаубекқызы А. ДІНИ БІРЕГЕЙЛІКТІҢ БЕЛГІЛЕРІ	401
Сарсембаев Р.М. РЕЛИГИОЗНЫЙ ПЛЮРАЛИЗМ КАК СОЦИОКУЛЬТУРНЫЙ ФЕНОМЕН	405
Tutinova N.E. Meirbaev B.B. DEFINITION AND TYPOLOGY OF SOCIO-CULTURAL CONFLICTS	408
Юлдашев Т.У., Бейсенов Б.К. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИСЛАМНЫҢ ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС АҒЫМДАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	412
Yessekeyeva E.F. RELIGION AND CONTEMPORARY VISUAL ART	416
Абдрахимова Г.Б. ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ СІҢГЕН «СОПЫЛЫҚ» ДІНИ ТЕРМИНІ	418
Абитаева Г.Т., Құрманалиева А.Д. ИСЛАМДЫҚ ТЕЛЕБАҒДАРЛАМАЛАР АРҚЫЛЫ ҚОҒАМДЫҚ САНАҒА ӘСЕР ЕТУДІҢ АЛҒЫ ШАРТТАРЫ	421
Билекен С., Мұқан Н. ОНЛАЙН ӨМІРДІҢ ЗИЯНДАРЫНА ИСЛАМ ЭТИКАСЫ ТҮРҒЫСЫНАН КӨЗҚАРАС	424
Бокенбай Ж.А., Башаров Қ.С. ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСТАРДА ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМНІҢ ТАРАЛУЫНА ҚАРСЫ ӨРЕКЕТ ЕТУ ТЕТІКТЕРІ	427
Болатханова А.Б., Альджанова Н.К. ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚТАҒЫ ДІНИ ЖӘНЕ КОНФЕССИЯАРАЛЫҚ ДИАЛОГ	430
Даулетбекқызы Д., Байтенова Н.Ж. ДЕСТРУКТИВТІ ДІНИ АҒЫМДАР ҚЫЗМЕТІНІҢ АДАМ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ҚАУПТІЛІГІ	432
Есдәулет Е., Құрманалиева А.Д. МӘТУРИДИ ДҮНИЕТАНЫМЫНЫҢ ДІНИ БІРЕГЕЙЛІКТІ САҚТАУДАҒЫ РӨЛІ	435
Жақаев Д.С. ИСЛАМ ТАРИХЫНДАҒЫ СОПЫЛЫҚ ІЛІМ	438
Женімпаз Е., Мұқан Н. АҚЫТ ҮЛІМЖІҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ РУХАНИ ӨНЕГЕЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР	442
Исаков Б.А., Байтенова Н.Ж. ИСЛАМ АТЫН ЖАМЫЛҒАН ҰЙЫМДАРДЫҢ АДАМЗАТҚА ТИГІЗЕР ӘСЕРІ	445
Исраилова А.Н., Курманалиева А.Д. ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИСЛАМДЫ НАСИХАТТАУ ЖОЛДАРЫ	447
Касинова К.Е., Байтенова Н.Ж. БАТЫС АЙМАҚТАҒЫ КИЕЛІ ТАНЫЛАТЫН ДІНИ ЖӘНЕ ҒИБАДАТ ОРЫНДАРЫ	451
Кершеев Ж.Ж., Әділбаева Ш. «ҰЛЫ ДАЛАДАҒЫМӘДЕНИЕТТЕР СҰХБАТЫ, ҰЛТТЫҚ КОД ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАР»: ҚАЗАҚ САНАСЫНДАҒЫ КЕМЕЛ ОТБАСЫ ҮЛГІСІ .....	454
Қонысбекқызы Ү., Борбасова Қ.М. ИСЛАМ ДІНІНЕ ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ КЕЙІНГІ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ «ТӘҢІРЛІК» СЕНІМ	458
Кулмуратова Г.К. ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС ДІНИ АҒЫМДАРДЫҢ ДЕСТРУКТИВТІ КӨРІНІСТЕРІ	462
Мағаз С. БІРІККЕН ШІРКЕУ ҰЙЫМЫНЫҢ ІЛІМДІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	465
Мусурманова Д.С. ХАНАФИ МӘЗҒАБЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН	469
Орынбеков Н.А., Құрманалиева А.Д. ИСЛАМДЫҚ БІЛІМ БЕРУ	472
Отарбаева П.Ф., Құрманалиева А.Д. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ДІНТАНУЛЫҚ БІЛІМДІ ДАМУДЫҢ ТИІМДІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДІСТЕРІ	475
Рысбек Т.Ж., Рысбекова Ш.С. САЛАФИЯ АҒЫМЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНҒА КЕЛУІ	477
Сағнадина А.Т., Борбасова Қ.М. ПРЕСВИТЕРАНДЫҚ АҒЫМДАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ	480
Смагулов Н.А., Анарбаев Н.С. ИСЛАМ ДІНІ ҚОҒАМДАҒЫ БЕЙБІТШІЛІКТІ САҚТАУШЫ ФАКТОРЫ	482
Тлеубердиев Б.К. ҚҰРАНЫҢ ИБРАҺИМДІК ДІНДЕРДІҢ КІТАПТАРЫМЕН ОРТАҚ ТҰСТАРЫ ЖӘНЕ ҚАЙШЫЛЫҚТАРЫ	486
Тойғылы Д. ХАДИС ІЛІМІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ: ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЖАҒДАЙ	489
Түгел Н.Б. «ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТЕРРОРИЗМ» ТҮСІНГІ ЖӘНЕ ОНЫҢ СИПАТТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	492

Хумархан Ж., Құрманалиева А.Д. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТҮРІК ДІНИ ЖАМАҒАТТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТ САЛАЛАРЫ	496
Шайкенова Р., Бағашаров Қ. ИСЛАМ ДІНІНДЕГІ ӘЙЕЛДІҢ ҚҰҚЫҒЫ	500
Шаку М.Е., Байтенова Н.Ж. ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ СӨЗ ӨНЕРІНІҢ ИСЛАМ ДІНІМЕН ҮЙЛЕСІМДІЛІГІ	503
Шамсудинова Р.В., Рысбекова Ш.С. РЕЛИГИОВЕДЕНИЕ НА БАЗЕ КАЗАХСТАНСКИХ ИСТОЧНИКОВ	507
Шойбек Б., Байтенова Н.Ж. ФАКТОРЫ РАСПРОСТРАНЕНИЯ РЕЛИГИОЗНОГО И ИНФОРМАЦИОННОГО РАДИКАЛИЗМА В СФЕРЕ МОЛОДЕЖИ	510
<b>СЕКЦИЯ: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙДАҒЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕРІНІҢ ДАМУЫ СЕКЦИЯ: ВОПРОСЫ ДУХОВНО-НРАВСТВЕННОГО ВОСПИТАНИЯ В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ РАЗВИТИЯ</b>	
Жумабекова К.Б. БІЛІМ МЕНЕДЖЕРЛЕРІНІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАСҚАРУ ӘРЕКЕТТЕРІ	514
Калкашев С.Г. КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ	518
Кеңесбай Е.Қ. ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЫ	521
Aman Zh. THE ROLE OF THE TEACHER-PSYCHOLOGIST IN THE FORMATION OF COMMUNICATIVE COMPETENCE IN SENIOR PUPILS	523
Мұқтар Т.Т. ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ КРЕАТИВТІЛІГІН ДАМУ ФАКТОРЛАРЫ	525
Батжанова М. ФОРМИРОВАНИЯ ОРГАНИЗАТОРСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ У БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ	528
Шамсудинова Р.В. ФЕМИНИЗМ СКВОЗЬ ПРИЗМУ КИНО	531
Қуанышбаева А.Т. В.Ф. ШАТАЛОВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ШЕБЕРХАНАСЫ	535
Казалканова Г. Б ҚҰЗЫРЕТТІЛІК – БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ МАҢЫЗДЫ САПАСЫ	538
Қожанова А.Н. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	541
Makhambetova Zh. T. FEATURES OF INCLUSIVE EDUCATION IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN	544
Успанова Д.К. ДУХОВНО-НРАВСТВЕННОЕ СТАНОВЛЕНИЕ СТУДЕНЧЕСКОЙ МОЛОДЕЖИ В КОНТЕКСТЕ ЖИЗНЕННЫХ ЦЕННОСТЕЙ	547
Ярликасинова Перизат Базаралықызы САНКЦИЯНЫҢ КЕРІ ӘСЕРІН РЕТТЕУДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚЫЗМЕТІ	549
Азаматов Нурлан ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЗАҢЫ ЖӘНЕ РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЗАҢДАРЫ БОЙЫНША САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ	551
Беркінбай Гүлназ Нұржанқызы МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТӘРБИЕЛІК ИДЕЯЛАРЫ	554
Ошан Баян МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ АЯСЫНДАҒЫ САРАПТАМАЛЫҚ ТАЛДАУ ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ	556
Жданова А.А. РОЛЬ ПРОЕКТНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ШКОЛЬНИКОВ В ОСВОЕНИИ ДУХОВНО-НРАВСТВЕННЫХ ЦЕННОСТЕЙ ОБЩЕСТВА	559
Ә.Т. Зиядинова ПРОФЕССОР К.Ж. ҚОЖАХМЕТОВ АНЫҢ ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ЖАСТАРДЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ «ӨЗІН-ӨЗІ» ТАЛУ ПӘНІ МАЗМҰНЫНДА КӨРІНСІ	562
Шнарбекова Молдир Кақпанбаевна АКТИВИЗАЦИИ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УЧАЩИХСЯ ПРИ ИЗУЧЕНИИ НЕРОДНОГО ЯЗЫКА	564
Шайланов Е.С. ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ ОҚУШЫЛАРДЫҢ НАШАҚОРЛЫҚҚА ТӘУЕЛДІЛІГІНІҢ АЛДЫН-АЛУ ЖҰМЫСЫ	568
Лукпанов А.А. СОЦИАЛЬНАЯ СТРАТИФИКАЦИЯ В СОВРЕМЕННЫХ НЕФТЯНЫХ ПРЕДПРИЯТИЯХ КАЗАХСТАНА И ЕЕ ВЛИЯНИЕ НА ИДЕНТИФИКАЦИЮ И ЦЕННОСТНЫЕ ОРИЕНТАЦИИ РАБОТНИКОВ	571
Лукпанов А.А. СОЦИАЛЬНАЯ СТРАТИФИКАЦИЯ В СОВРЕМЕННЫХ НЕФТЯНЫХ ПРЕДПРИЯТИЯХ КАЗАХСТАНА И ЕЕ ВЛИЯНИЕ НА ИДЕНТИФИКАЦИЮ И ЦЕННОСТНЫЕ ОРИЕНТАЦИИ РАБОТНИКОВ	575
Ермаханова Салтанат ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ – ЗОМБЫЛЫҚ КӨРГЕН ӘЙЕЛДЕРДІ ӘЛЕУМЕТТІК ОҢАЛТУ	579